



Оқырманға

*Қазақстан, Байтақсың,
Бес Франция сиятын,
Париж, Лувр, Монмартр болмаса да...
Жайым жоқ жатқа қиятын.
Бастилия қорғанындай айбының,
Кең картада бар әлемді жиятын...*

О. Сүлейменов

Қазіргі заман тіршілікке тән өзіндік шарттарын күнделікті талап етумен келеді. Зуылдаған уақыт ағыны, жылдам өтетін өмір ырғағы, үнемі асығыстық – осының бәрі күнделікті тіршіліктің ажырамас бөлігіне айналған. Алайда тынымсыз алға ұмтылумен болатын біздер тағдырлары мен өмірлері келешек ұрпаққа өнеге болатын адамдардың бірінен соң бірінің араздан кетіп жатқандығын аңғара бермейміз. Олардың өздерімен бірге келмеске әкетіп жатқан естеліктері – аса құнды тарихи материал.

Осы басылымның негізінде, дұрысында, сталиндік қуғын-сүргінді бастан кешіп, түрме мен лагерьлерден өткен адамдардың әлі де болса қалдыра алатын мәліметтерінің құндылығын таныту мүддесі жатыр. Мұрағаттардан табылмайтын, сарғайған фотосуреттерден көрінбейтін ең маңызды деген әрі шындық деректі дәл солардай етіп ешкім жеткізіп бере алмас. Олардың естеліктері – өскелең ұрпақтың тәрбиесіне қажетті байлық. Ал тарихи жад – халықтың, елдің қазіргі кезеңмен, бастысы, келешекпен тығыз байланыста тұратын өткен күндердің маңызды да өзекті ақпараттарынан құралған тәжірибесі. Онсыз үйлесімді, кемелденген, демократиялық мемлекет құру мүмкін емес.

Мен сондай адаммен, осы кітаптың қаһарманымен, таныстым. Бұл танысу мен үшін кездейсоқ оқиға болды. Мәскеуге барған іссапарларымның бірінде Ленин кітапханасына сыйлық жасамақ болдым. Бұл кітапхана кезінде диссертациямды жазған уақыттан бері есімде ең басты әрі ең жақсы кітапхана ретінде қалған болатын. Сыйлығым – ГУЛАГ-тың ең ірі деген бөлімдерінің бірі болған Қарлаг туралы

кітаптар мен альбом. Бұл – лагерьдің жұмыс істеу жүйесі мен ондағы сандаған адамның өмірлерінің нағыз деген шақтарын жоғалтуы, кейде тіпті өмірмен хош айтысуы туралы егжей-тегжейлі ашылып көрсетілген бірегей материалдар еді.

Содан, Қарағандыға оралғанымға бірнеше күн өткенде, телефоным шырылдады. Қоңырау иесі салған жерден өзін: «Лев Александрович Вознесенский», – деп таныстырды. Қапелімде тосылыңқырап қалдым, себебі аты-жөні маған жақсы таныс еді. Оның өзі, отбасы жайлы көп білетінмін, оның телебағдарламаларын көргенім бар. Мені бәрінен бұрын оның кітаптар туралы пікірі қуантты. Сайып келгенде, біздердің танысуымызға себеп болған да сол кітаптар еді.

Кейін екеуіміз арнайы кездесіп, сағаттарға созылған әңгіме құрғанымызда, Лев Александрович өз отбасы және әр кезде де ғылыммен сабақтасып отырған сан салалы еңбек жолы туралы айтып берді. Әрине, менің басылымдарымның оны несімен қызықтырғандығын да сұрадым. Содан белгілі болғандай, ол өзі бірнеше жыл лагерьлерде болған және ұзақ жылдарғы

лагерьлік өмірі Қарағанды облысындағы Песчаный лагерінен басталған екен. Лев Александрович естелігінің арқасында көптеген қызғылықты факті мен оқиғалар, нақты мерзімдер жайлы мәліметтерге қанығып қалдым. Арада болған кездесу ұмытылмас әсер қалдырды. Ол – тартымды, ақылды, шыншыл адам. Бұл – екеуіміздің әңгімемізден кейінгі зияткерлік әрі рухани байи түскендігімді аңғарғандығымнан түйгенім. Ұмытылмас әсер қалдыруына себеп болған да – осы.

Вознесенскийлер отбасымен бейресми, яғни сырттай танысуым осыдан бірнеше жыл бұрын болған еді. Ол кезде әлі баламын, соған орай тентектігім үшін әкемнің мені кітап оқытып «жасалағаны» бар. Сол кітаптардың бірі В.В.Колотовтың «Николай Алексеевич Вознесенский» деп аталатын көлемі жағынан кішірек, мазмұны жағынан аса бай еңбегі еді. Бастан-аяқ оқып шыққан мен белгіленген күні әкеме әңгімелеп беріп, міндетімнен құтылғандығымды сезіну үшін бөлмеден шығып жүре бермек болдым. Алайда мені тоқтатқан әкем қарапайым сұрақпен ғана тығырыққа тіреп тастады: «Николай Алексеевичке не болды? Ол

мемлекеттің ірі қайраткері және тағдыры қиын адам еді зой. Кім білген, егер ол өзі сеніп, сол үшін өмір сүріп, тер төккен жоспарларын орындағанда, тұтас елдің тұрмыс-тіршілігі қандай болған болар еді?..» Сонда мен не деп жауап берерімді білмедім, сол кездегі жас ерекшелігіме қарай шама-шарқыма немесе қандай да бір аздаған салғырттығыма байланысты ма, мәтіндегі кішкене абзац жөнінде жете ойланбаптын.

Енді, міне, арада 30 жылдан астам уақыт өткенде, Мәскеуде Лев Александровичпен әңгімелескен сапарымнан кейін бірнеше күннен соң, әлгі кітапты қайта қолға алып, соңында кеңестік ірі экономист болғандығы туралы жазылған не бары бірнеше жол ғана келтірілген парақтың жиегіндегі қарындашпен сызылған сұрақ белгісін көріп таңырқадым. Әкем бір кездері ғалым, зерттеуші және қарапайым адам ретіндегі өмірімде белгілі бір роль ойнайтын кітапқа қайта оралатынымды білген болуы керек, сұрақ белгісінің мен үшін арнайы қойылғанын түсіндім.

Құрметпен
заң ғылымының докторы, профессор
Нұрлан Дулатбеков